

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DNRJ5463>

***Т. С. Ғабдрахман**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0154-6737>

*e-mail: tolegen88@mail.ru

**ДЕТЕКТИВТІК МӘТІННІҢ ЖАНРЛЫҚ
ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(К. ТОҚАЕВТЫҢ «ТҮНДЕ АТЫЛҒАН ОҚ»
ПОВЕСІ НЕГІЗІНДЕ)**

Мақалада детектив жанрындағы мәтінің түзілуі, компоненттік ерекшеліктері зерттеледі. Зерттеу нысанына қазақ әдебиетінде осы жанрда алғаш шығармалар жазған Кемел Тоқаевтың шығармашылығы, оның ішінде «Түнде атылған оқ» повесі алынады. Жазушының детектив жанрында жазылған шығармалары қазақ әдебиетінде үлкен орын алады.

Мақала мақсаты – қазақ детективтік прозасының жанрлық ерекшеліктерін анықтау. Осыған орай детектив жанрының типологиялық белгілерін, құрылымдық-композициялық ерекшеліктерін талдау міндеттері қойылды.

«Түнде атылған оқ» повесінде криминалистік стильдің барлық элементтері қолданылады. Құпиялық, қылмыс, бүркемешік әрекет, тергеу, әшкерә, күдік, сараптама, тыңшылық секілді элементтер мәтінде тұтас стиль түзіп тұрады. Классикалық детективтің кейіпкерлердің мінез-құлқының стереотиптілігі, тұлғалық қасиеттеріне қарағанда әлеуметтік рөлдерінің басымдығы, іс-әрекеттерінің стандартты мотивтері, сюжет құрылымының арнайы ережелері сияқты белгілі бір типологиялық белгілері көрініс табады.

Тілдік айғақтар контекст құрамында берілді, себебі олардың мәні, мағынасы көбінесе контекст арқылы ашылатыны ескерілді.

Зерттеу әдісі ретінде, негізінен, сипаттамалы әдіс қолданылды. Зерттеу нысаны көркем мәтін болғандықтан стилистикалық талдау, семантикалық талдау амалдары қолданылды.

Мақала әдеби жанрдың зерттеушілері мен детективтік әдебиет оқырмандарын қызықтырып, сонымен қатар детектив жанры мен оның стиль ерекшеліктері туралы қосымша зерттеулерге негіз бола алады.

Кілтті сөздер: детектив жанры, тілдік-стильдік қолданыстар, криминалистік стиль, сюжет, құрылым.

Кіріспе

«Детектив» терминін (ағылш. detective – әйгілеу, әшкерелеу) алғаш рет америкалық жазушы Анна Кэтрин Грин (1846–1935) енгізді. Оның 1878 жылғы «Ливенуорттар ісі» атты алғашқы детективтік романы үлкен жетістік әкеледі. Заңгердің қызы болған Анна тергеу мен сот ісінің процедурасын жақсы біліп, осы білімімен өз қиялынан қорқынышты құпиялар мен күрделі қылмыстар ойлап тауып, детектив жанрын қарқынды дамытады.

Кейін Артур Конан Дойлдың шығармаларымен бұл жанрдың классикалық үлгісі қалыптасты.

Сол кезден бері дамыған детектив жанры бірқатар белгілер бойынша жіктелетін болды. Бұл жіктеулерден детективтің жұмбақ детектив, тарихи детектив, әлеуметтік детектив, әдеби детектив, реалистік детектив, т.б. түрлерін ажыратуға болады. Бірақ детектив жанрына жататын кез келген шығарманы алып қарасақ, олардың барлығына ортақ белгілерді табуға болады.

Детективтік прозаға тән басты ерекшеліктер олардың құпиялығы мен барлық кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің қисындылығы болып табылады. Осыған сәйкес детектив жанрындағы мәтіннің түзілуінің өзіндік ерекшеліктері, компоненттік құрылымдары айқындалады.

Детектив жанрының теориялық негіздері алғаш рет Г. К. Честертон зерттеулерінде зерттеле бастады. Г. К. Честертон «Детективтік әдебиетті қорғау туралы» еңбегінде осы жанрдың тууы, дамуы, негізгі ұғымдары, жанрлық ерекшеліктері туралы теориялық маңызды пайымдаулар жазады. Одан бөлек бұл жанрдың теориялық тұғырнамасы Тибор Кёстхейидің «Детектив анатомиясы» кітабында зерттеледі. Жалпы, әлем әдебиетінде бұл жанрдың өзіндік ерекшеліктері туралы зерттеулер ұзақ жылдар бойы жүргізіліп келеді. Алайда қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының зерттелуі кенжелеп келеді. Сондықтан қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының құрылымдық, мазмұндық ерекшеліктерін, мәтінтүзімдік талаптарын зерттеу – уақыт күттірмейтін мәселе.

Қазақ детектив жанрының дамуына үлес қосқан көптеген жазушылар бар. Бұл қатарға Кемел Тоқаев, Қалмұхан Исабаевты, кейінгі толқыннан

Болат Бодаубай, Шәкен Күмісбайұлы, Мұхтар Анарбекұлы, Мұхадас Балажанов, Алдажар Әбілов, Орынбек Асылбаев, Шойбек Орынбай сияқты қаламгерлерді қосамыз. Алайда құпия мен шытырманға толы К. Тоқаев туындылары қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының бастауында тұрған шығармалар болып саналады. Ол өз шығармаларында детектив жанрының ережелері мен талаптарын сақтай отырып, оларға өзінің жеке қолтанбасын қосады. Қаламгер М. Әкімжанов «Кемел Тоқаев» атты естелігінде: «Кемекен дидарласа қалғанда оқиғалы жанрдың өте ауыр екендігін, шығарма негізінен болған оқиғаларға, бұлтартпас деректерге сүйеніп жазылатындығын, түптің түбінде оқушы қауым осы тарихи немесе деректі кітаптарды көбірек оқуға қарай ауатындығын жиі еске салатын», – деп жазады [1]. Жазушының шығармаларына жасалған зерттеу детективтік прозаның көркем прозаның басқа түрлеріне қарағанда өзіндік жанрлық және құрылымдық ерекшеліктері бар жанр екенін көрсетеді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу әдісі ретінде, негізінен, сипаттамалы әдіс қолданылды. Зерттеу нысаны көркем мәтін болғандықтан стилистикалық талдау, семантикалық талдау амалдары қолданылды. Тілдік айғақтарды сипаттау үшін контекст ескеріліп отырды.

Зерттеуге материал ретінде жазушы Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» повесінің мәтіні алынды [2].

Нәтижелер және талқылау

Жазушы К. Тоқаев шығармаларындағы шым-шытырық эпизодтар, кейіпкерлердің екіұдай әрекеттері оқырмандардың назарын шоғырландырып, оларды автормен жарыса отырып қылмыстардың бетін ашып, күдіктілерді анықтауға жетелейді. Жазушы оқырманның қырағылығын дәл болжай отырып, біресе күдікті нағыз қылмыскерден алшақтатуға, біресе оны өз бетінше анықтауға тұспалдар беріп, жұмбақты шешуге итермелеп, қызықтырады. Ал кейде шығарманың соңғы беттеріне дейін оқырман шынайы қылмыскерді, оның қылмыс жасаудағы себептері мен уәждері туралы болжай алмай, жұмбақ күйде отырады.

М. Кәрібай К. Тоқаев шығармаларының мәтініндегі баяндаудың сипатын дұрыс көрсетеді: «Солдат соғысқа кетті» романының мазмұны бас кейіпкердің тікелей басынан өткен оқиғалар тізбегінен тұрғанымен, оны тұтас желіні құрайды деуге келмейді, яғни бір сюжеттің өрістеп, ширатыла келіп, ақырында шешімі тарқатылатын әдеттегі көркем шығармалардан болмысы бөлек. Сондықтан бүкіл роман бірнеше қатерлі де қауырт әскери операциялардың жүзеге асырылуы: неміс әскері басып алуға жанталаса ұмтылған стратегиялық маңызды биіктікті бар жоғы жеті жауынгердің жанқиярлықпен бермей ұстап тұруы, енді бірде, терең жау тылында қалған

танк экипажын құтқару, батальондарды жау қоршауынан алып шығу, тіпті ішкі диверсиялық әрекеттерге қарсы барлау жұмыстарын жүргізу тапсырмаларын орындау кезіндегі қарапайым солдаттар мен командирлердің іс-қимылы, мінез-құлқы мен болмысын боямасыз, ашық һәм нақты баяндаумен ерекшеленеді» [3].

Жазушы К. Тоқаев өз шығармаларында қылмыстың себептерін, ізкесуші мен қылмыскердің мінез-құлқын, оқиға орнын, тергеу тәсілдерін оқырманға шебер жеткізе білген. Сондай-ақ, ол оқырмандарына оқиғаны бастан-аяқ айтып бермейді. Оның орнына өзінің болжамдарын құрады, қылмыскерді ойша іздей бастайды. Шарықтау шегінде қылмыскер анықталып, кейбір құпиялардың басы ашылып, анықтала түседі [4, 206-б.].

К. Тоқаевтың барлық шығармаларының ең маңызды идеясы – қылмыстарды ашатын кейіпкердің адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін, психологиясын зерттейтін, белгілі бір тұжырымдар мен қорытындылар жасайтын, соның негізінде қылмыстың құпиясын шеше алатын керемет кәсіби маман болуы.

Жазушы осындай мықты ізкесуші кейіпкерге күшті, ақылды әрі айлакер қылмыскерді қарсылас етіп қояды: *Дұшпан агентінің қалада екенін және Черноносков деген атпен жүргенін әбден анықтап білгеннен кейін майор Бөгемәев Көкталдан Бақытжанды шақырып алып, оны оқиға жайымен таныстырған еді. Жау агенті ынжық емес, үрікпей, өршелене қимылдайтын қатал, жауыз адам. Одан бар жамандықты күтуге болады. Ол әр түрлі атпен, әр түрлі жағдайда кездесіп қалуы мүмкін* [2, 277-б.]. Бірақ К. Тоқаев шығармаларында әрқашан қылмыстың беті ашылып, қылмыскер қаншалықты айлакер болса да әшкереленеді, соңында сөзсіз әділеттілік жеңеді: *Есікті жайлап ашып, түпкі үйге кіре бергенде, қарулы, мығым қолдар тапжылтпай ұстап, қолына кісен, мойнына темір мойынтұрық салды. Осының бәрі бірер секундтың ішінде жасалды. Жағасындағы улы ампулды шайнап үлгірмеді. Машинаға алып келгенде Черноносков өз қолымен жолда «атып тастап» кеткен Бақытжанды көрді. Артқы кабинада жайбарақат отыр. Түнде оқ атылмағанын, алданғанын Черноносков сонда ғана ұқты...* [2, 318-б.].

К. Тоқаев детектив жанрындағы мәтіндердің мазмұндық-құрылымдық талаптарын толық сақтайды. Шығармаларында криминалистік стильдің барлық элементтері көрініс табады:

Құпиялық (шифр):

- *Не істеймін деп қиналып едіңіз. Жұмыс табылды. Бұдан он бес минут бұрын біреу Көкталға Ашыраповтың атына телеграмма берген. «Жеңсең науқас, келіп қайт», – депті.*

- *Телеграмманы берген кім?*

- *Орта жастағы арық кісі дейді. Жүріңіз почтаға барып қайтайық.*

Он минуттан кейін Нәсір мен Талгат қалалық телеграфқа келіп телеграмма қабылдаушы қызбен сөйлесті. Телеграмманы берген Глинов екен. Оның суретін көрсеткенде қыз таныды. Нәсір қызға рахмет айтып, екеуі тысқа шықты. Көкталға жүретін машина бұларды күтіп тұрған. Нәсір кабинаны ашып:

- Кеттік пе? – деді. Қала сыртына шығып, үлкен жолмен Көкталға бет алғанда Талгатқа бұрылып, бір қырымен отырды. – «Жеңгең науқас», - бұл сөздерді қалай түсінуге болады? Жеңгесі кім?

- Мен де осы жайында ойланып келемін. Глинов әйтеуір бірдемені сезіп абыржи бастаған.

- Сірә, ол Рябованың үйін торын жүрді ме, менің онда барғанымды көріп қалған. **«Жеңгең науқас» деген сөздің мағынасы осы ма деймін** [2, 292-б.].

Терезеге тақағанда Глинов Тарасовтың атына берілген куәлікті ұсынып, телеграмманы алды да табанда жсауап қатты:

- «Сенің посылқанды күтем. Тарасов».

Черноносостың **«посылка» – деп отырғаны нысана самолеттің сынығы ма екен?** – деп Талгат жорамал құрды да, бұл ойынан дереу айныды. Өйткені Черноносост қираған самолеттің сынығын «посылкамен жіберіп әуреленіп жатпайды. Қалаға самолет, машина қатынап тұрған шақта самолет сынығын посылкамен жіберіп, уақыт өткізіп қайтөді. Ол мұндай сынықты өзімен бірге алып та кете алады. Олай болса «посылка» деген сөздің телеграммадағы сыры мүлде бөлек. Ол Алматымен байланыс жасап, генерал Байтоқовпен сөйлесті. Генерал Талгаттың сөзін сабырлы қалыппен тыңдап, қысқа кеңес берді:

- Ол сөздердің мәнін тез шешуге тырысамыз. Шифрды шешетін мамандар бас қосып жатыр. Бәлкім жсауапты ертең алып қаларсыздар. Меніңше, **«посылка» деп отырғаны кісі ме деп ойлаймын** [2, 312-б.].

- Мен кеше генералмен сөйлестім. Черноносостың берген хабарының шешуін айтты. **«Қызғалдақ гүлдейді» дегені – кеше өткен «Дала полигоны жайында екен** [2, 316-б.].

Қылмыс:

- Қозғалма, атам! – деген әмірлі үн тағы естілді.

- Кімсің өзің? Мұнда неғып жүрсің? – Қарт мылтығын кезей бергенде, жарық жақтан оқ атылды.

Түнде атылған оқ қара орманды жаңғыртты. Мырзаш кеудесіне біз сұғып алғандай сезінді. Жандырып күйдіргендей. Сол сәтте есінен айрылып, талықсып құлап бара жатты [2, 225-б.].

Бүркеншік әрекет:

- Машинаның қирағаны өтірік, бекер!

Бақытжанның тұла бойы түршігіп, өңі құп-қу боп кетті.

Қол-аяғы қалтырайтын секілді. Күндізгі кезде Черноноссов мұндай құбыла қалудың мәнісін айтпай-ақ түсінген болар еді. Бірақ ымырт қараңғылығы бұркеп, байқатпады.

«Машинаның қирамағанын ол қайдан біледі? Оған кім айтты?» Бақытжанға келген ой осы болды. Ол өзімен қатарласып, шынтақ қағысып келе жатқан Черноноссовқа:

- Машинаның қирағаны өтірік дейсіз бе? Ресторан алдында жүк Машинасымен соқтығысып қалғанын жұрттың брі көрді зой! – деп таңқалған пішінмен бұрылып қарады.

- Оның бәрі сырт көрімге жасалған алдамыш әрекет, машина гаражда тығулы тұр. Таксидің шофері сенің танысың. Мұндай бұркеніш әрекетке барудың мәнісі не? Бәлкім мұның жайын сен айтып түсіндірерсің. [2, 306-б.].

Күдік: Черноноссов дастархан үстінде екі жігіттен көз алмады. Олар мұнан жсіркеп, қарамай, теріс қарап тамақ ішіп отыр. Әйткенмен қатер барын сезгендей Черноноссовтың жүрегі қобалжи берді. Арақ та батпады [2, 277-б.].

Әшкерә:

Алтынаш үлкен нұрлы көздерін қиғаштау бұрып:

- Сізбен бір вагонда келгеніміз есіңізде ме? Өзіңізді ұстай алмай теңселіп жүргенде қатты күлгенім бар. Неге күлгенімді білесіз бе?

Онда сіз мас емес едіңіз, - деді.

- Оны қайдан білдіңіз?

- Мастың көзі өлексе қойдың көзіндей солғын, ажарсыз болса керек еді.

Сіздің жанарыңыз ашық, ұшқын атып күлімдеп тұрды.

- Сізді көргеннен соң айығып кеткен зой.

Талғат қыздың сөзін елеусіз қалдырып әзілдегенмен: «Мен дүмбілез екенмін, жас қыз сырымды айнымай тапқанда, дұшпан алдында оңай ашылып қалады екенмін. Өзімді жаттықтыра түсуім керек екен» - деген ой келді [2, 263-б.].

Тергеу:

- Сіз жалғыз ба едіңіз?

- Самолеттің мен отырған бөлігінде екі кісі ғана болдық.

- Екіншісі кім?

- Инспектор Вольф. Мектепте парашюттан секіруді үйреткен сол.

- Тағы кімдер болды?

- Басқа кісіні көрмедім.

- Орманшы шалды атқан сіз бе?

Наматхановтың көзі шарасынан шығып кетті.

- Мен кісі атыптын ба? Айта көрмеңіз. Сауда жасағаным, қашқаным рас. Бірақ кісі қанын мойныма жүктеп көрген емеспін. Құдай сақтасын, жалаңызды жаппаңыз.

- Онда оны кім атты?

- Білмеймін...

- Мына пистолетте сізден басқа бөтен кісінің қолының таңбасы жоқ. Оқ түнде осы пистолеттен атылған. Мойындағыңыз келмей ме? Әуелі ұңғысын тазаламағансыз.

- Алла атымен ант етем. Орманыны атқан мен емес. Сенеңіз маған.

- Аузыңызда - алла, қолыңызда – қару, бұл қалай?

Наматханов төмен қарады [2, 230-б.].

Сараптама: *Милиция бөлімшесіндегілер Черноносоты көп бөгемеді. Эксперттер Черноносотың жазуын зерттеп, қағаздағы қолының таңбасын Талғатқа таксиге төлеген бір сом қағаз ақшадағы қолтаңбасымен салыстырып жатқанда, Черноносот жук машинасының кабинасына отырып Көкталға кетіп бара жатыр еді [2, 296-б.].*

Шпиондық әдіс-тәсіл:

- Паркке батыс жақтан кіретін жолмен елу қадам жүргеннен кейін жолығатын адам сол жаққа қарайды. Мен осы тұстағы орындықтардың біріне газетті түгел жайып жіберіп оқыған болып отырам. Сол жағымда журнал жатады. Маған келетін кісінің де сол жақ қолтығына қысып алған журналы болады. Ол менің тұсымнан өте беріп, сигареткасын тұтатады. Екінші рет шырпы жағады. Сіріңке тұтанбайды. Ол бос қорапты лақтырып жібереді де, менің қасыма келіп: «Сіріңкеңіз бар ма?» - дейді. «Темекі тартатын кісінің қалтасына оттығы болуға тиіс», - деп сіріңке ұсынам. «Магазин жабық боп ала алмады» - дегенде: «Біздің қасымыздағы дүкен әрдайым ашық» деуім керек. Жолығысудың шартты белісі осы. Мен берген сіріңкені ұмытқан боп қалтасына салады да, басқа сіріңкемен ауыстырып береді. Менің алдағы уақытта не істейтінім туралы сіріңке ішіне салған нұсқауда айтылуға тиіс [2, 239-б.].

Тыңшылық: «Дала полигонының» күзгі сынағы өтіп жатқан. Ертемен топ-топ боп ұшқан самолеттер ауданның үстінен ағып өтеді де, солтүстікке ұшқан бетінен қайтып оралмайды. Мұншама көп самолет қайда қонады? Оларды бірден қабылдайтын жақын арада аэродром бар ма? Егер бола қалса аудан орталығы Көкталдан қанша шақырым жер? Бұл маңға әскери самолеттерді шоғырландыру себебі не? Дабыл қағылған күнде мұншама мол соғыс күшінің негізгі бағыты қайсы? – Черноносот осы секілді сұрақтарға жауап алуы керек еді. Құмда құпия соғыс күшін басқаратын кім? Оның зғылыми атағы бар ма? Әскердің қай түрінен қанша орынбасары бар? Олардың дәрежесі қандай? – Міне, бұларды да білуге ынтықты. Ол ауданның

колхоз-совхоздарына егін жинауға барған жұмысшы батальондардың қай бөліміне қатысты барын термелеп жинап көрді. Бірақ сұраққа мардымды жауап ала алмады [2, 303-б.].

К. Тоқаев оқиғаларды шұбырынды шешендікке салынбай, қарапайым тілмен-ақ ұтқыр әрі өткір баяндайды. Ең бастысы, жазушы әр шығармасында детектив жанрының негізгі белгісі – құпиялықты сақтайды. Бірақ ескеретін жайт – ондағы құпия немесе жұмбақ әрқашан қылмыс бола бермейді. Себебі бұл жанрдың негізгі идеясы – құпияны ашу. Детективтік шығарма – бұл қылмыскер мен іс кесуші арасындағы ғана емес, сонымен қатар шығармадағы барлық жұмбақтарды шешуге тырысатын автор мен оқырман арасындағы интеллектуалды ойын [5].

Мәтін теориясын зерттеген Н. С. Валгина мәтіннің сөйлемдерден тұрмайтынын, керісінше оның сөйлемдер арқылы берілетінін айтады [6, 8-б.]. Кез келген мәтіннің мағынасы оны түзі уәжімен анықталады. Егер детектив жанрында мәтін түзудің негізгі уәжі құпиялық десек, К. Тоқаев шығармаларындағы мәтін мазмұны осы уәжге байланысты құрылады және сол арқылы көрініс табады.

Детектив белгілі бір композициялық дәйекті құрылыммен сипатталады: құпия, қылмыс (басталуы, дамуы) – тергеу барысы (шарықтау шегі) – қылмыскерді әшкерелеу (шешімі), сондай-ақ детектив кейіпкерді жағымды (тергеуші мен оның жақтастары) және жағымсыз (қылмыскер мен оның сыбайластары) кейіпкерлерге бөлудің нақты парадигмасымен ерекшеленеді [7, 38-б.]. Зерттеу нысанына алынған шығарма негізінде К. Тоқаевтың осы құрылымды сақтап, детектив жанрының негізгі композициялық кезеңдерін берік ұстанатынын көруге болады.

Р. О. Фримен детективтің төрт негізгі композициялық кезеңін бөліп көрсетеді:

1) мәселе туғызу (қылмыс); 2) тергеп-тексеру (детектив жүргізеді); 3) шешім («кім?» деген сұраққа жауап); 4) дәлелдеу, фактілерді талдау («қалай?» және «неге?» сұрақтарына жауап) [8, 8-б.].

«Түнде атылған оқ» шығармасы орманшы Мырзаш шалға түн ішінде белгісіз біреудің оқ атуымен басталады. Осылайша автор детективтік шығарманың алғашқы кезеңінде қылмыс жасалуымен мәселе туғызады. Әрі қарай генерал Байтоқов бастаған Бөгенбаев, Лопатин, Малдыбаев, Алтаевтан тұратын оперативтік топтың тергеу жұмыстары басталады. Бұл – детективтің екінші композициялық кезеңі. Үшінші композициялық кезең негізгі қылмыскер Черноносостың анықталуымен сипатталады. Одан әрі Черноносостың мақсаты, әрекеттері талданады. «Дала полигонына» қатысты қандай ақпараттарды кімге жеткізуі керек деген сұрақтарға жауап ізделіп, басты қылмыскердің қолға түсуімен аяқталады. Осылайша,

К. Тоқаев шығармада детективтік жанрдың барлық құрылымдық элементтерін қолданып, криминалистік стильдің негізгі талаптарын, С. С. Ван Дайн көрсеткен детективтік шығарма жазудың 20 ережесін орындайды [9].

Жоғарыда келтірілген мысалдар негізінде детективтік проза мәтіндеріне қатысты келесі типтік жанрлық ерекшеліктерді ажыратуға болады. *Қатысым уәжі* – автор оқырманның нені күтетінін болжай біледі және оны қылмысты ашу процесіне тартады. *Коммуникативтік құралдар* – автор баяндауды жауаптардың өзгермелі нұсқасы бар сұрақ принципі бойынша ұйымдастырады. *Коммуникативтік кеңістік* – автор детективтік мәтіндегі қатысым жағдаяттарын жасалған қылмысты тергеудің шиеленісі аясында құрады. *Қатысым мазмұны* – баяндаудың мазмұндық бөлігі лексикалық құрылымдармен берілетін эксплициттік мағыналардың және олардың жасырын мағыналарының өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болатын мәнмәтінде болады.

Сонымен, детектив жанрының жоғарыда сипатталған барлық ерекшеліктерін қарастыра отырып, детективтің ойлау мен логикаға көбірек сүйенетінін көреміз. Детективтік жанрға, тұтастай алғанда, ұлттық-мәдени ерекшеліктерге қарамастан және құрылымы мен семантикасы жағынан біртұтас болып табылатын белгілі бір детективтік канон (инвариант) сәйкес келеді [10, 27-б.]. Классикалық детективтің мәні – оқырманға тергеу үшін ұсынылатын өте күрделі логикалық тапсырма ұсыну.

Қорытынды

XX ғасырда қазақ әдебиетінде Кемел Тоқаев тұсында криминалистика, детективтік жанр қазақ әдебиетінен алғаш рет орын алып, кеңінен дамыды. Қазақ детективті прозасы да детектив жанрының барлық талаптарын сақтай дамыды. Детективтің жанрлық ерекшеліктері композицияның тұрақтылығымен, стереотиптердің беріктігімен, негізгі құрылымдық әрекеттердің қайталануымен анықталады. Мұны К. Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» повесінің негізінде дәлелдеуге болады. Шығармада детектив жанрына тән криминалистік стильдің өзіндік ерекшеліктері, құрылымдық-композициялық элементтері толығымен көрініс табады. Детектив жанрының негізгі белгісі – құпиялық сақталады.

К. Тоқаев детектив жанрының стильдік ерекшелігін толық сақтайды. Шығармаларында криминалистік стильдің барлық элементтері көрініс табады. Олар: құпиялық, қылмыс, бүркеншік әрекет, әшкере, сараптама, күдік, тергеу, шпиондық, тыңшылық, т.б. Осы элементтерді сақтай отырып, жазушы детективтік жанрға тән төрт тұрақты композициялық құрылымды сақтайды: мәселенің тууы (қылмыс); істі тергеп-тексеру; мәселенің шешімін табу, яғни қылмысты кім істегенін анықтау; одан кейін қылмыскердің әрекетін дәлелдеу, фактілерді талдау жүреді. Осы арқылы-ақ К. Тоқаевтың

өз шығармаларында детектив жанрына тән мәтінтүзімдік талаптарды сақтап, детективтік прозадағы мазмұн мен құрылым тұтастығын бұзбайтыны көрінеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Берікұлы, Б.** Детектив жанры қазақ әдебиетіне керек пе? // Детектив жанры қазақ әдебиетіне керек пе? [Мәтін] [Электрондық ресурс]. : – <https://adebiportal.kz> (қаралған күні: 14.03.2023).

2 **Тоқаев, К.** Шығармалары: (роман және повестер) Т. 1. [Мәтін].– Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2017. – 384 б.

3 **Кәрібай, М.** Солдат соғысқа кетті // [Мәтін] [Электрондық ресурс]. : – https://adebiportal.kz/kz/news/view/muxtar-karibai-soldat-sogyska-ketti_20544 (қаралған күні: 26.05.2023).

4 **Жунусова, А. К., Тұрысбек, Р.С.** Әдебиеттегі детектив жанры және К. Тоқаев шығармашылығы [Мәтін] // Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы.–2022. – № 3(140). – Б. 200–208.

5 **Osmukhina, O., Gudkova, S.** Detective Genre in the West and in Russia [Text] // Journal of History Culture and Art Research. – 2020. – 9(1): 315. – DOI: 10.7596/taksad.v9i1.2313.

6 **Валгина, Н. С.** Теория текста [Текст]. –М. : Логос, 2003. – 173 с.

7 **Булычева, В. П.** Структурно-композиционные особенности детективного жанра [Текст] / В. П. Булычева // Актуальные вопросы филологических наук: материалы II Междунар. науч. конф. – Чита: Издательство Молодой ученый, 2013. – С. 32–38.

8 **Фримен, Р. О.** Искусство детектива (эссе) [Текст] / пер. с англ. С. Белова // Как сделать детектив: сб. / сост. А. Строев. –1990. – С. 27–38.

9 **Van Dyne, S. S.** Twenty rules for writing detective novels / S. S. Van Dyne [Text] // How to make a detective. – М. : НПО «Rainbow», 1990. – 317 р.

10 **Филистова, Н. Ю.** Структура и семантика детективного нарратива (на материале текстов английских и русских рассказов) [Текст] // Автореферат диссертации на соискание учёной степени кандидата филологических наук.– Тюмень, 2017. – 28 с.

References

1 **Berikūly, B.** Detektiv janry qazaq әдебиетіне керек пе? [Is the detective genre necessary for Kazakh literature?] // Detektiv janry qazaq әдебиетіне керек пе? [Text]. [Electronic resource]. – <https://adebiportal.kz> (Access date: 14.03.2023)

2 **Toqaeв, K.** Şyғarmalary: (roman және povester) [Works : (novels and short stories)] T. 1. [Text]. – Almaty : «Ana tılı» baspasy, 2017. – 384 p.

3 **Kāribai, M.** Soldat soғysqa ketti [The soldier went to war] // [Text]. [Electronic resource]. – https://adebiportal.kz/kz/news/view/muxtar-karibai-soldat-sogyska-ketti_20544 (Access date: 26.05.2023).

4 **Junusova, A. K., Tūrysbeк, R. S.** Әдебиеттегі detektiv janry және K. Toqaeв şyғarmaşylyғы [The detective genre in literature and the work of K. Tokayev] [Text]. // L. N. Gumilev atyndaғы EŪU Habarşysy. Filologia seriasy. –2022. – № 3(140). – P. 200–208.

5 **Osmukhina, O., Gudkova, S.** Detective Genre in the West and in Russia [Text]. // Journal of History Culture and Art Research 9(1):315. March 2020. <https://doi.org/10.7596/taksad.v9i1.2313>

6 **Valgina, N.S.** Teoria teksta [Text theory] [Text]. –Moscow : Logos, 2003. – 173 p.

7 **Bulycheva, V. P.** Strukturno-kompozisionnye osobenosti detektivnogo janra [Structural and compositional features of the detective genre] / V. P. Bulycheva // Aktuālnye voprosy filologicheskikh nauk: materialy II Mejdunar. nauch. konf. [Text]. – Chita: İzdatelstvo Molodoi uchenyi, 2013. – P. 32–38.

8 **Frimen, R. O.** İskustvo detektiva (esse) [The Art of the Detective (essay)] / per. s angl. S. Belova // Kak sdelāt detektiv : sb. / sost. A. Stroev. [Text]. – 1990. – P. 27–38.

9 **Van Dyne, S. S.** Twenty rules for writing detective novels / S.S. Van Dyne // How to make a detective. [Text]. – Moscow : NPO «Rainbow», 1990. – 317 p.

10 **Filistova, N. İu.** Struktura i semantika detektivnogo narrativa (na materiale tekstov angliiskih i ruskih rasskazov) [The structure and semantics of the detective narrative (based on the texts of English and Russian short stories)] // Avtoreferat disertatii na soiskanie uchōnoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk. [Text]. – Tūmen, 2017. – 28 p.

10.12.23 ж. баспаға түсті.

11.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Т. С. Габрахман

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, Астана.

Поступило в редакцию 10.12.23.

Поступило с исправлениями 11.10.24.

Принято в печать 17.02.25.

ЖАНРОВЫЕ И СТРУКТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДЕТЕКТИВНОГО ТЕКСТА (ПО МОТИВАМ ПОВЕСТИ К. ТОКАЕВА «ВЫСТРЕЛ НОЧЬЮ»)

В статье исследуются рождение, развитие, виды и основные приемы, стили детективного жанра. Объектом исследования является творчество Кемеля Токаева, впервые написавшего произведения этого жанра в казахской литературе, в том числе повесть «Выстрел ночью». Произведения писателя, написанные в жанре детектива, занимают большое место в казахской литературе.

Цель статьи – выявить жанровые особенности казахской детективной прозы. В связи с этим были поставлены задачи анализа типологических признаков, структурно-композиционных особенностей детективного жанра.

В повести «Выстрел ночью» используются все элементы криминалистического стиля. Такие элементы, как шифр, преступление, маскировка, расследование, разоблачение, подозрение, экспертиза, шпионаж, образуют в тексте целый стиль. В классическом детективе проявляются определенные типологические черты характера, такие как стереотипность поведения героев, преобладание социальных ролей над личностными качествами, стандартные мотивы поступков, особые правила сюжетной структуры.

Лингвистические свидетельства были даны в контексте, потому что учитывалось, что их значение часто раскрывается контекстом.

Статья может заинтересовать исследователей литературного жанра и читателей детективной литературы, а также послужить основой для дальнейших исследований детективного жанра и его стилистических особенностей.

Ключевые слова: детективный жанр, языково-стилевое использование, криминалистический стиль, сюжет, структура.

**T. S. Gabdrakhman*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana

Received 10.12.23.

Received in revised form 11.10.24.

Accepted for publication 17.02.25.

GENRE AND STRUCTURAL FEATURES OF THE DETECTIVE TEXT (BASED ON THE STORY BY K. TOKAYEV «SHOT AT NIGHT»)

The article examines the birth, development, types and basic techniques, styles of the detective genre. The object of the study is the work of Kemel Tokayev, who for the first time wrote works of this genre in Kazakh literature, including the novel «Shot at Night». The works of the writer, written in the genre of detective, occupy a large place in Kazakh literature.

The purpose of the article is to identify the genre features of Kazakh detective prose. In this regard, the tasks of analyzing typological features, structural and compositional features of the detective genre were set.

In the story «Shot at Night» all elements of the forensic style are used. Elements such as cipher, crime, disguise, investigation, exposure, suspicion, examination, espionage, form a whole style in the text. In the classic detective, certain typological character traits are manifested, such as the stereotypical behavior of the characters, the predominance of social roles over personal qualities, standard motives of actions, special rules of the plot structure.

Linguistic evidence was given in context, because it was taken into account that their meaning, meaning is often revealed by context.

The article may be of interest to researchers of the literary genre and readers of detective literature, as well as serve as a basis for further research of the detective genre and its stylistic features.

Keywords: detective genre, linguistic and stylistic use, forensic style, plot, structure.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz